# АЛТЫН ҚҰМДАҒЫ ТЕБІРЕНІС

(ән-терме)

Сөзі К.Салықов

Музыкасы Е.Хасанғалиев
Клавирді жазған Б.Хасанғалиев

**Moderato, con impeto**




13
Тап о - сы - лай те - бірен - тер наз қон - ған күн.
17
Дау - ыл күн - гі те - ңіз - дей тол - қып, тол - қып.
22
Біл - дім сәу - лем, бір тол - қу аз бол - ға - нын.
26
Ән жет - кі - зер ша - қыр - саң кел - ме - сі -
simile


30
не, сен - ді - ре - ді мың ой - лап
30
simile
34
сен - бе - сі - не. Ал - тын құм - да
34
38
а - лаң - сыз ау - нап жүр - сем, Ің - кәр қы - зы
38
mp
42
ақ құм - ның кел - д(і)е - сі - ме.
42


Қайырмасы:
Ги-ги-ги гик-кай, ги-ги-ги гик-кай ги-ги-ги ги-ги-ги гэй.
Ги-ги-ги гик-кай, ги-ги-ги гик-кай ги-ги-ги ги-ги-ги гэй
1, 2.
Соңы
/- гэй.
Ей.
Ей!

1.Ойлы кейпін қарашы жазғы орманның
Тап осылай тебірентер наз қонған күн.
Дауыл күнгі теңіздей толқып, толқып,
Білдім сәулем, бір толқу аз болғанын.

Əн жеткізер шақырсаң келмесіне,
Сендіреді мың ойлап сенбесіне.
"Алтын құмда" алаңсыз аунап жүрсем,
Іңкәр қызы "Ақ құмның" келді есіме.

2.Толқын жатқан толқындар баяғыдан,
Аумайды екен ақ бөкен саяғынан.
Ала құлын сияқты ала толқын,
Ала бұлттың иіскейді тамағынан.

Соның бәрін көргенде біріндетіп,
Əн оралды денемді дірілдетіп.
Мен де жаудым жаңбырдай таңда тынған,
Түні бойы шатырды дүрілдетіп.